

Тақырыбы: Қаржының мәні мен объективтік қажеттігі

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1 ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК.....	4
1.1. Қаржы ұғымы оның мәні мен қажеттігі.....	4
1.2. Қаржының мәні мен объективтік қажеттігі.....	7
1.3. Қаржының функциялары және рөлі.....	14
2 ҚАРЖЫ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	21
2.1. Қаржының басқа экономикалық категориялармен өзара байланысы.....	21
2.2. Қаржы қатынастарының ресурстары мен қорлары.....	23
2.3. Қаржы жүйесі және оны ұйымдастыру қағидаттары.....	30
Қорытынды.....	34
Қолданылған әдебиеттер.....	35

Кіріспе

Нарықтық қатынастардың құрылымында да, мемлекет тарапынан оларды ретлеу механизмінде де қаржы зор рөл атқарады. Қаржы – нарықтық қатынастардың құрамды бөлігі және мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың құралы. Бұл орайда қаржының әлеуметтік-экономикалық мәнін түсіне білудің, оның іс-зарекет етуінің ерекшеліктерін терең ұғынудың, Қазақстан экономикасын ойдағыдай дамыту мақсатымен қаржы ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдаланудың әдістері мен амалдарын көре білудің маңызы зор.

Қоғамдық өнімді бөлумен және осының негізінде ақшалай қорланымдарды, табыстарды және қорларды жасаумен, оларды ұлғайтпалы ұдайы өндірістің мақсаттарына және қоғамдық дамудың қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланумен байланысты болатын экономикалық қатынастар қаржы туралы ғылымның мағынасы болып табылады. Қаржы ресурстары мен мақсатты ақша қорлары, олардың қалыптасуы, қозғалысы және пайдаланылуы қаржының объектісі, ал қоғамдық өмірдің ұйымдастырушысы ретіндегі мемлекетті қоса алғанда қызметтің өндірістік және өндірістік емес сфераларының сан алуан шаруашылық, қоғамдық және басқа ұйымдары оның субъектілері болып табылады.

Қаржы туралы ғылымда және қаржыны зерделеу кезінде танып білудің негізгі әдісі – материалистік диалектикалық-тарихи әдіс қолданылады, ол нақты тарихи жағдайларды ескере отырып, қаржы қатынастары мен құбылыстарын олардың дамуы мен өзара байланыстылығы негізінде зерттеуді болжайды.

Бұл жұмыста негізінен қаржы ұғымы мен негізгі атқарушы функциялары, мақсаты мен міндеті бейнеленген. Сондай-ақ қаржының басқа категориялармен өзара байланысы қарастырылған.

1 ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

1.1. Қаржы ұғымы және оның табиғаты

Қаржы ("көпмазмол ақша", "табыс" ұғымын білдіретін орта ғасырдағы латын тілінің financia сөзінен пайда болған француздың finance сөзінен шыққан) қоғамда нақты өмір сүретін, объективті сипаты мен айрықша қоғамдық арналымы бар өндірістік қатынастарды білдіретін ақшалай қаржы ресурстары мен ирларды жасау және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды қамтып көрсететін тарихи қалыптасқан аса маңызды экономикалық категориялардың бірі болып табылады. Ол натуралдық шаруашылықтан жүйелі тауар-ақша айырбасына көшу жағдайында пайда болып, дамыды және мемлекеттің және оның ресурстарға қажеттіліктерінің дамуымен тығыз байланысты болды.

Бүгінде қаржы терминнің күнделікті қолданысқа енгізген авторды атау қиын. Бұл терминнің авторлығын 1577 жылы "Республика туралы алты кітап" деген жұмысын бастырып шығарған француз ғалымы Ж. Боденге қалдыруға болады.

Қаржы туралы жұмыстың ("Афин республикасының кірістері туралы") алғашқы авторы Ксенофонт (б.з.д. 430-365 жж.) болды.

Аристотельдің (б.з.д. 384-322 жж.) қаржы саласындағы көзқарасы оның "Афиннің мемлекеттік құрылысы" атты жұмысында баяндалған.

Қаржының мәні, оның даму заңдылықтары, тауар-ақша қатынастарын қамту сферасы мен қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі рөлі қоғамның экономикалық құрылысымен, мемлекеттің табиғатымен және функцияларымен айқындалады.

Түрлі қоғамдық-экономикалық формациялар қаржысының айырмашылығы негізінен мына себептерге байланысты:

әр түрлі қоғамдық формацияға қоғамның өзіне меншікті таптық құрылымы сай келеді. Сонымен бірге қаржы ұлттық табысты мемлекеттің пайдасына қайта бөлуді ұйымдастыра отырып, оны бөлудің қатынастарын есепке алады;

кез келген қоғамдық-экономикалық формацияларда қаржы билеуші таптың мүдделерін жүзайтын мемлекеттің мақсаттары мен міндеттеріне бағынады;

өндірістің жаңа әдісі шаруашылық қатынастардың жаңа жүйесін тудырады. Мәселен, күл иеленуші және феодалдық формацияларға натуралдық қатынастар сәйкес келсе, мемлекет табысының қалыптасуы да көбінесе натуралдық сипатта болды. Капиталистік шаруашылық тауар-ақша шаруашылығы болып табылады. Тиісінше мемлекеттің табысы да ақша нысанында қалыптасады;

егер мемлекет басқару органы ретінде қалыптасқан өндірістік қатынастардың ұдайы өндірісі мен таптық құрылыстың міндеттеріне қызмет ететін болса, онда бұл міндеттерге қаржы да қызмет етеді.

Құн категорияларының жүйесінде қаржы белгілі орын алады және өзінің ішкі ерекшеліктерімен, сонымен бірге ұдайы өндірістегі өзгешілік рөлімен

айшықталады. Қаржының құндық бөлу стадиясында жұмыс істейтін басқа экономикалық категориялардан — кредиттен, жалақшанан және бағадан айтарлықтай айырмашылығы бар.

Қаржының пайда болуының бастапқы шарты ақша қатынастарымен ортақтастырылған тауар өндірісі болып есептеледі.

Тауар өндірісінің негізі тауар өндірушілердің экономикалық оқшауланушылығын шарттастыратын қоғамдық еңбек бөлінісі болып табылады. Олардың әрқайсысы өндірістің материалдық-заттай факторларының айырмашылығы, олардың әр түрлі деңгейі жағдайында өнім жасайды, ал сол себепті тіпті ұқсас тауарлар нақтылы және затталыпқан еңбектің әр түрлі шығындарымен өндіріледі. Бұл теңсіздіктің салдарынан шығындар мен еңбек нәтижелерін өлшеудің қажырлы еңбектің және жұмсалынған күш-жігерге баламалы тұтынуудың өлшемін ескере алатын айрықша механизмнің объективті қажеттігі туады.

Ұдайы өндіріс процесінің үздіксіз жалғасып жататын белгілі өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну стадиялары оның қатысушылары арасында тауар қатынастарының бақылау айқындайды, өйткені өндірілген өнімдер сатыпалу-сағуға жататын тауарлар ретінде болады: өнім оны тұтынуудың бұрын айырбастау және бөлу стадияларынан өтеді. Сонымен бірге материалдық өндіріс қатысушыларының ғана емес, қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының қажеттіліктері мен мүдделері қанағаттандырылуы тиіс. Осыған орай олар мамандандырылған еңбектің орындалатын қызметтердің нәтижелерімен, әр түрлі өндірілетін игіліктермен олардың саны мен сапасына сәйкес айырбасталуы тиіс. Тек өндірілген еңбек өнімдері айырбасталғанда, оларды белгілі бір ақшалай баламамен өткізгенде өндірушілердің ақшалай түсімі (табысы) жасалады. Жасалынған игіліктер мен құндылықтарды өлшеу құл өлшемі мен жұмысқа сұрмақ балама ретіндегі ақшаның көмегімен жүзеге асады. Сондықтан материалдық және материалдық емес

игіліктер, қызметтердің өндірілген массасы - қоғамдық өнімнің — натуралдық-заттай көрінісімен бірге оның ақшалай көрінісі де болады. Қозғалыстың құндық нысаны натуралдық-заттай нысандағы өнімнің қозғалысын ортақтастыратын белгілі бір ақша құрларын тудырады. Басқаша айтқанда, өнімнің өндірістен тұтынуға өтуі тек тиісті ақша құрларын жасау, бөлу және пайдалану арқылы болады. Осы кезде пайда болатын ақша экономикалық қатынастар қаржының ұғымын құрады. Қаржы тауар қатынастарымен тығыз емес суре алыады.

Қоғамдық өнімнің нақтылы іске асырылуының екі нысанының болуы қоғамдық өндірістің әрбір қатысушыларының қажеттіліктеріне сәйкес оны түпкілікті тұтынуға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл үшін құндық категориялар - ақша, баға қаржы, еңбеканыз кредит және басқалары пайдаланылады.

Қаржы ғылыми ұғым ретінде қоғамдық өмірде сан алуан нысандарда пайда болатын қызметтермен ассоциацияланады және міндетті түрде ақша қатынастарының қозғалысымен қосарлана жүреді.

Экономикалық өмірде қаржының сыртқы көрінісі қоғамдық өндірістегі әр түрлі қатысушылар қаражаттарының қозғалысы түрінде болып жатады. Құбылыстар бетінде бұл қозғалыс ақшалай соманы шаруашылық жүргізуші субъектілердің бір-бірімен қолма-қол ақшасыз жасасатын есеп айырысулары; негізгі капиталға жұмсалатын амортизациялық соманы есептеу; табысты (пайданы) беру және кәсіпорындарда, фирмаларда инвестициялық арналымының қорларын қалыптастыру; мемлекеттік бюджеттік кірістеріне салық төлемдерін аудару; қайтырлымдық қорларына қаражат төлеу; экспортталатын тауарлар үшін кеден баждарын төлеу және тағы басқа операциялар қолма-қол ақшасыз немесе қолма-қол ақшамен есеп айырысу түрінде бір келенушіден басқа келенушіге беруі болып табылады. Осының барлығында және осыған ұқсас қаржы операцияларында *ақша қатынастарымыз қозғалысы* болып жатады.

"Қаржы" ұғымы ақша нысанындағы қоғамдық байланысты болатын экономикалық қатынастардың кең ауқымын қамтиды. Тауар-ақша қатынастарының жалпы қамтуындағы сипатқа ие болып отырған нарықтық экономика жағдайында қаржы нақтылы және үздіксіз болып жататын ақша айналымын — *ақша ағамы* ретінде көрсетеді.

Экономиканың жалпы істеуінің нарық жағдайында мемлекет тауар-ақша қатынастарында қайда аз дәрежеде реттейді, негізгі реттеуші тауарлардың жұмыстардың және қызметтер көрсетудің сұранымы мен ұсынысы болып табылады.

1.2 Қаржының мәні мен объективтік қажеттігі

Қаржы — ақша қатынастарының жалпылығы, олардың ажыраусыз бөлігі, ол әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің түрлі субъектілері арасындағы бүкіл ақша қатынастары емес, тек айырықша ақша қатынастарын білдіреді, сондықтан оның рөлі мен маңызы экономикалық қатынастарда ақша қатынастарының қандай орын алатындығына байланысты.

Жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табысты жасау, бөлу және қайта бөлу процесінде қалыптаса отырып, қаржы қоғамның түпкілікті пайдалануға жіберілетін материалдық ресурстар бөлігінің ақшалай тұлғалануы болып табылады. Қаржының басты белгілерінің бірі-оның тұлғалануының ақша нысаны және ақшаның нақтылы қозғалысымен қаржы қатынастарының бейнеленуі. Демек, қаржы қатынастарының пайда болуы өзі жайында әрқашан ақшаның нақтылы қозғалысымен аңғартып отырады.

Алайда қаржы ақша қатынастарының бүкіл сферасын қамтиды деп санау дұрыс болмас еді. Ақша қатынастары ішнен тек олар арқылы мемлекеттің, оның аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілердің жасалатын ақша қорлары бұл қатынастардың мазмұны болып табылады. Ақша қатынастары жалпы алғанда қаржыдан кең. Қаржы тек ақша қорларының, атап айтқанда табыстар мен қорланымдардың қозғалысымен байланысты болатын ақша қатынастарын ғана қамтиды. Басқа ақша қатынастары қаржы шеңберінен шығып кетеді. Қаржы қатынастарының жиынтығына, мысалы, шығындардың барлық түрлерін ақшалай есепке алу мен бақылау жасау, өндірілген өнімді ақша нысанында өлшеу, өзіндік құнды калькуляциялау және өнімнің бағасын анықтау, ақшалай түсімді есепке алу мен сақтау, ақша айналысын реттеу және басқалары кірмейді. Сауда жүйесі арқылы тауарларды сатып алу және сату (тіпті мемлекет бөлшек сауда базаларын реттеп отырған жағдайда да) кезінде пайда болатын ақша қатынастарын да қаржыға жатқызуға болмайды. Себебі мемлекет бұл жерде ақша қатынастарын азаматтық-құқықтық әдіспен реттеп отырады. Ақша қатынастарымен бірігіп кеткен субъектілердің теңдігі (олардың құқықтары мен міндеттеріндегі тепе-теңдік) бұл әдіске тән өзгеше нышан болып табылады. Сонымен бірге қалыптасатын ақша қатынастарының өзіндік қаржылық емес өзгешелігі болады. Кез келген ақша қатынастары қаржы қатынастарын білдіре бермейді.

Қаржының ақшадан мазмұны жағынан да, функциялары жағынан да айырмашылығы бар. Ақша-бұл ең алдымен ассоциацияландырылған өндірушілердің еңбек шығындары өлшенетін жалпыға ортақ бағам, ал қаржы — жалпы ішкі өнім мен ұлттық табысты бөлудің және қайта бөлудің экономикалық тетігі, ақша қорларын жасау мен пайдалануда бақылау жасаудың құралы. Ол өндіруге, бөлуге және тұтынуға ықпал жасайды және объективтік сипатта болады.

Ұдайы өндіріс процесінің түрлі стадияларында жеке экономикалық категориялардың қатысу дәрежесі бірдей емес.

Ақшаның нақтылы қозғалысы ұдайы өндіріс процесінің екінші және үшінші стадияларында - *өсімде және айырбастауда* болады.

Екінші стадияда ақша нысанындағы құнның қозғалысы тауарлардың қозғалысынан оқшауланады және оның шеттелуімен (бір иеленушілерден басқа иеленушілерге өтуімен) немесе құнның әр бөлігінің мақсатты оқшаулануымен (бір иеленушінің шеңберінде) сыпаттанады. Үшінші стадияда бөлінген құн (ақша нысанындағы) тауар нысанына айырбасталады. Бұл жерде құнның өзінің шеттелуі болмайды. Сөйтіп, ұдайы өндірістің екінші стадиясында құнның ақша нысанының бір жақты қозғалысының орны болады, ал үшінші стадияда құндардың екі жақты қозғалысы болады, оның бірі ақша нысанында, ал басқасы тауар нысанында болады.

Ұдайы өндіріс процесінің *өсімде мен тұтылу* стадияларында мұндай қозғалыстың болмауы олардың қаржының пайда болуының орны еместігін дәлелдейді. Бөлінген құн (ақша нысанында) тауар нысанымен айырбасталатын, яғни сатып алу - сату актілері жасалатын *айырбастауда да* қаржыға орын жоқ. Ұдайы өндіріс процесінің құн стадиясында тек баға құралын қажет ететін өнімді жасалатын айырбас операциялары болып жататындықтан, мұнда басқа экономикалық категорияның механизмі — баға жұмыс істейді.

Қаржының іс-әрекет етуінің жиынтық қоғамдық өнімді бөлу стадиясында асқан дәрежеде көрінеіндігі қаржы үшін көпшілікке танылған болып саналады. Сонымен қаржы мен қаржы қатынастарының пайда болып, іс-әрекет ететін орны ақшаның нақтылы қозғалысы болатын ұдайы өндіріс процесінің *бөлу стадиясы* болып табылады. Мұнда жалпы қоғамдық өнімнің құны және оның маңызды бөлігі - ұлттық табыс *алашқы бөлу** процесіне ұшырап, мақсатты арналым мен субъектілер бойынша бөлінеді. Бұл процесің нәтижесінде құн оны құрайтын микроэлементтерге - *c, V және m*

* *Алашқы бөлу* деп етізілген құнды бөлшектеу процесі мен тауар бағасының элементтеріне (жалақыға, пайдаға, табысқа т.с.с.) сәйкес келетін оның құрамындағы бастапқы табыстарды мүшелеуді айтады, ал бөлінгенді одан әрі бөлумен байланыстының барлығы *құйма бөлуге* жатады.

m ² *ге* ұшырайды: өндіріске жұмсалынған өндіріс құралдары құнының (*c*) орны толтырылады, қызметкерлердің жалақысы (*V*) төленеді және қосымша өнім (*m*) алынады. Қаржы қатынастарының қаржы талшығы мен басты өндіріс сферасында қосымша өнімді жасау мен оны кейінгі бөлу болып табылады. Тап осы қосымша өнім немесе құралдың таза табысын (табыстарды, қорланғындарды, ақша қорларын) құрайтын қайта жасалынған қоғамдық өнімнің бұл бөлігі қаржы қатынастарының мәнін және қаржы функцияларының бастауын құрайды. Сөйтіп, өндірістің алтын ала шарттасылған сипаты кезінде сатылатын өнімді "c", "V және "m"-ге сәйкес элементтерге бөлудің үйлесімдері қалыптасады және оларға сәйкес *ақшалай табыстар мен ақша қорламаларды* жасалынады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында құнды одан әрі бөлу және оны мақсатты пайдалануды нақтыландыру да қаржының негізінде жүзеге асырылады. Нәтижесінде өнімнің бір бөлігі жаңа толық арналымға түседі, ал бір бөлігі тұтынылады.

Сөйтіп, жалпы қоғамдық өнімнің құны мақсатты арналымындар мен субъектілер бойынша бөлініп, олардың әрқайсысы өндірілген өнімдегі өзінің үлесін алуы тиіс. Қаржының қатысуынсыз қоғамдық өнімнің және бөліктерге бөлінуі мүмкін емес. *Қаржы қоғамдық өнімді жасау мен пайдалану арасындағы байланыстырушы бұым* болып табылады.

Қарастырылған процестер қаржы қатынастарының күрделі тоқайпасуын, олардың басқа экономикалық қатынастармен өзара іс-әрекетін шарттастырады және олардың экономикааның тиімділігіне,

** c — өндірістің материалдық шығындары; V — қажетті өнімнің құны; t — қосымша өнімнің құны. Шет елдің оқулық әдебиеттерінде экономиканың даму ауқымының өлшем көрсеткіші — кірістер мен шығыстар бойынша анықталатын жалпы ұлттық өнім пайдаланылады. Кірістер бойынша ЖҰӨ мына элементтерді жинақтаумен жасалынады: тұтынылған капиталдың көлемі (амортизациялық аударымдар); бизнеске салынатын жанама салықтар; жалдамалы қызметкердің жалақысы; ренталық төлемдер; пайыздар; меншіктен түсетін табыстар; корпорациялардың пайдасы. Шығыстар бойынша (яғни өнімнің бүкіл жиынтығы бойынша) ЖҰӨ мыналарды қамтиды: үй шаруашылығының, яғни елдің бүкіл халқының тұтыну шығыстарының көлемі — C ; жалпы жекеше ішкі инвестициялар — I ; тауарлар мен қызметтер көрсетуді үкіметтің сатып алуы — C ; X_p — таза экспорт (экспорт көлемінің импорттан асып түсуі немесе керісінше минус белгісімен). ЖҰӨ сомасы = $C+I+O+X_p$. Бұл көрсеткіш қоғамдық өндірістің ақырғы нәтижесін сипаттайды, ол айналым қорларының (капиталының) (бұл қорлардың қалыптасуы мен қозғалысында қаржы зор рөл атқарады) елеулі бөлігі болып келетін аралық өнімнің құнын қамтымайды. Сондықтан бұл жалпықоғамдық өнімнің $P=c+u+t$ дәстүрлі формуласы алынды және үлкейтілген түрде экономикадағы құнның қозғалысын оның осы негізгі элементтері бойынша бақылап отыруға болады.

оның үдемелі дамуына, қоғамдық-әлеуметтік процестерге әсерін зерделеуге ғылыми көзқарасты талап етеді.

Қоғамдық қатынастардың иерархиясында *ақша* қатынастары экономикалық қатынастарға жатады, ал экономикалық қатынастар өз кезегінде *қоғамдық* қатынастар жүйесінің айқындалушы бөлігі — *өндірістік* қатынастарға кіреді. Бұдан *қаржы қатынастары* мен *өндірістік қатынастарды* бір бөлігі деп олар *базистік* әрі *негізгі* қатынастар болып табылады деуге болады.

Экономикалық заңдармен анықталатын қоғамдағы өндірістік қатынастар категориялар арқылы көрінеді. *Экономикалық категориялар* — бұл біркелкі экономикалық қатынастардың көрінісі, бұл қатынастар экономикалық өмірдің бір жағын сипаттайды және абстрактты қорытынды түрде көрінеді; оларға баға, қаржы, сақтандыру, кредит, табыс (пайда) және т.б. жатады.

Қаржы, экономикалық категория ретінде, *экономикалық заңдарды* (құн заңының, сұраным мен ұсыным заңының, қажеттіліктердің жоғарлау заңының, өндірістік қатынастардың өндіргіштік күштердің сипаты мен даму

деңгейіне сәйкестік заңының, уақытты үнемдеу заңының) іс-әрекетіне негізделеді.

Қатынастардың иерархиялық субординациясын ескере отырып, "жалпыдан - жекеге" қағидаты бойынша олардың мынадай дәйекті қатарын жасауға болады: жалпы қоғамдық қатынастар, өндірістік қатынастар, ақша қатынастары және қаржы қатынастары (салық, бюджет, мемлекеттік кредит, сыртқы экономикалық қатынастар және т.б.)

Әр түрлі қоғамдық-саяси құрылымы бар осы заманғы мемлекеттерде қаржымен қатар басқа экономикалық категориялар да - ақша, табыс (пайда*), өзіндік құн және басқалары пайдаланылады. Олардың әрқайсысы өзінің функцияларын (тауардың құнын немесе бағасын білдіру, айналыс құралы, еңбек өлшемі мен тұтыну өлшемін анықтау, өндірісті ынталандыру, кәсіпорындар қызметінің нәтижелерін бағалау) орындайды, оларда қоғам дамуындағы бұл категориялардың мәні мен маңызы көрінеді. Қаржының олардың барлығынан өзінің айрықшалықты белгілері бойынша айырмашылығы бар.

Қаржыны құндық экономикалық категориялардың бүкіл жалпы жиынтығынан ажыратып алу үшін бұл экономикалық категорияға төн өзгеше белгілерді біліп алған жөн. Сонымен "Пайда" термині Қазақстанда ғана табысқа ауыстырылған.

Экономикалық категория ретіндегі қаржының мазмұнын құрайтын қатынастардың өзгешелігі олардың көрінісінің әрқашан ақша нысаны болатындығында. Қаржы әрқашан экономикалық жүйе шеңберіндегі қоғамдық ұдайы өндірістің әр түрлі субъектілері арасындағы ақша және тек ақша қатынастарын ғана білдіреді. Сондықтан қаржы қатынастарының ақшалай сипаты — қаржының маңызды белгісі. Қаржының ақшалай сипаты оны жүзеге асырудың нысанын және қаржының құндық экономикалық категорияларға тиістілігін (жататылық) баса көрсетеді.

Ақша қаржының іс-әрекет етуінің міндетті шарты болып табылады. Ақша болмаса қаржының болуы мүмкін емес, өйткені қаржы ақшаға байланысты болатын жалпы нышан. Ақша айналыс құралының функциясын орындай отырып, капитал, яғни үдемелі құн немесе табыс (пайда) әкелетін құн бола бастайды. Сөйтіп, ол ақшаның дербес аясы ретінде, өндірістік қатынастардың бір бөлігі ретінде қаржының пайда болуына жағдайлар жасайды.

Қаржы қатынастары өзінің негізінде бөлгілсіз қатынастар болып табылады. Қаржының арқасында экономиканың барлық құрылымдық бөліктерінде (материалдық өндіріс пен өндірістік емес салаларда) және шаруашылық жүргізудің түрлі деңгейлерінде қоғамдық өнім құнын қайта бөлудің сан алуан процестері жүзеге асады. Бөлу процесі натуралдық-заттай нысанда да — өндіріс құралдары мен тұтыну предметтерінің қорларын жасаумен де, сондай-ақ ақша нысанында да - еңбектің аталған өнімдерін сатып алуға арналған ақша қорларының қозғалысы арқылы да болып жатады. Қаржы қатынастарының бөлгілсіз сипаты экономикалық категория ретінде олардың айрықша белгісі болып табылады.

Қаржы қатынастарының ақшалай сипаты мен белгіштік сипаты қаржының аса маңызды белгілері болып табылады, бірақ оның ақтық белгілері емес, өйткені бұл белгілер бағаға да, еңбекке ақы төлеуге де, кредитке де ортақ.

Қаржының нақтылы жұмсауға арналған түрлі мақсатты ақша қорларының қозғалысында көрінуі оның маңызды ерекшелігі болып табылады. Ақша қорлары, істің шын мәнінде, қаржы қатынастарының объектілері болып табылады.

Ақша-қаржы қорлары ұғамдық өндіріс қатысушыларының барлығында, өндірістік емес сферада қаржылық әдістердің көмегімен жасалады. Әдістер, қаржы қатынастарындағы іс-қимылдың амалдары ретінде директивалық және қажетті сөзсіз болатын, міндетті сипаттағы итеріп алады, мұның өзі экономиканы реттеудің қажеттігімен және ұғамдық дамудың мақсаттарына ақша ресурстарының көлемі мен оның бағыттарын алдын ала қарастыру қажеттігімен байланысты болады.

Ақша экономикалық өмірде, әдеттегідей, баламалы, яғни тауар және ақша нысандарындағы құнның тең (бірдей) қозғалысы негізінде пайдаланылады. Баламалылық белгісі басқа экономикалық категориялардың - бағаның, еңбекақының, кредиттің іс-әрекетіне тең. Ақша қорларының бүкіл ақша қаражаттарынан бөлініп тұратын ерекшелігі сол, олар экономиканы басқарудың барлық деңгейлерінде ақша нысанындағы құнның бір мақсатты қозғалысының негізінде жасалады. Кез келген қаржы операциясы осындай ерекшелікпен (салықтар, табыстан аударылатын аударымдар, шығыстарды қаржыландыру, субвенциялар және т.б.), яғни баламалылықпен сипатталады. Салалық қаржыларда қорлардағы ақшаның ішкі шаруашылықтық мақсатты оқшаулануының ұқсас қажидаты қолданылады.

Сөйтіп, қаржының қаралған өзгеше белгілері бұл экономикалық категорияны ақша қатынастарының бүкіл жиынтығынан мүлтіксіз бөліп алуға мүмкіндік береді, әрі қаржының өзгешелігін, ерекшелігін атап көрсетеді. Басқа бірде - бір құндық экономикалық категория белгілердің жоғарыда аталған жиынтығын кемдене алмайды. Егер белгілердің алғашқы екеуі — қаржы қатынастарының ақшалай сипаты мен белгіштік сипаты қаржы қатынастарының өрісін тежеп отыратын болса, қаржыға тең қор нысаны, міндетті сипаты, біржақты тәртіптегі құн қозғалысының баламалылық сипаты экономикалық категория ретіндегі қаржының айрықша ерекшеліктерін баса көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде қаржының қысқаша анықтамасын былайша тұжырымдауға болады: қаржы - бір шаруашылық жүргізуші субъектілерде және мемлекетте ақшалай табыстар мен қарандымдарды қалыптастырумен, сонымен бірге оларды ұдайы ұлғайтатын өндіріске қозғалың әлеуметтік және басқа қажеттіліктеріне қамқорланудың пайдаланумен байланысты жалпы қоралдық өнімнің құнын және рәттілік байланысты бір бөлігін бөлу және қайта бөлу процесінде пайда болатын ақша қатынастары.

Қаржының жұмыс істеуінің шарты — ақшаның болуы, ал қаржының пайда болуының себебі шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мемлекеттің қызметін қамтамасыз ететін олардың ресурстарға қажеттілігі болып табылады.

Қаржымыз, яғни ақша нысанындағы күн қозғалысынан туындайды. Мұндай қозғалыстың шарты *тақуар-ақша қатынастарымыз*, болуы және экономикалық заңдардыз *іс-әрекеті* болып табылады.

Қаржымыз қажеттілігі объективті мән-жайдан — *тақуар-ақша қатынастарымыз бақыман және қоғамдық дамудыз қажеттіліктерімен* туындайды. Мемлекет қаржы ресурстарының объективті қажеттілігін ескере отырып, оларды пайдаланудың әр түрлі нысандарын жасай алады: төлемдердің әр түрлі түрлерін енгізеді немесе күшін жоюды, қаржы ресурстарының нысандарын өзгертеді және т.б. Шаруашылық жүргізу сферасында үнемі өзгеріп отыратын ұдайым өндірістік қажеттіліктерді қамтамасыз ете отырып, қаржы өндіріс үйлесімдерін тұтынудың қажеттеріне бейімдеуге мүмкіндік беруі үшін қажет. Бұл мақсатты арналымының ақша қорларын қалыптастыру арқылы болады. Қаржының басты арналымы — табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалуына бақылау жасау. Қоғамдық қажеттіліктердің дамуы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарамағында жасалатын ақша (қаржы) ресурстарының қарамы мен құрылымының өзгеруіне жеткізеді.

Қаржы ресурстары болмаса, қаржы механизмі арқылы барлық жағдайға ықпал етудің кең мүмкіндіктерін пайдалана алмаса, мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыра алмайды, өзінің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын, қорғаныс және елдің қауіпсіздігі функцияларын қамтамасыз ете алмайды.

Мемлекет дәстүрлі функциялардан басқа, шаруашылық процестерді реттеу жөнінде едәуір экономикалық функцияларды орындайды, сондықтан мемлекеттің қарамағына қаражаттарды орталықтандырудың дәрежесі айтарлықтай жоғары — мемлекеттік бюджет арқылы қазір жалпы ішкі өнімнің 20 пайыздан астамы және жылылық қоғамдық өнімнің 10 пайыздайы (Қазақстан бойынша) бөлінеді. Мемлекет қаржысының көмегімен салалық және аумақтық аспектілерде қоғамдық өндірістің ауқымы реттеледі, басқа қоғамдық қажеттіліктер қанағаттандырылады.

Қаржысы кеңейтілген негізде өндірістік капиталдардың жеке және қоғамдық толық айналымын қамтамасыз ету, экономиканың салалық және аумақтық құрылымын реттеу, ғылыми-техникалық сфера жүргізудің төменгі буындарының арасында ұтымды, ғылыми негізде бөлінген кезде ғана жоғары қайтарымды және пайдаланылатын қаражаттардың үлкен көлемде жаңғыруы болуы мүмкін.

Мемлекеттік сектордың қызметімен байланысты қаржы қатынастары елеулі дәрежеде *"қоғамдық (немесе әлеуметтік) тақуарлар"* деп аталынатындарды — мемлекет қаржыландыратын және бірлесіп

тұтынылатын материалдық сонымен бірге материалдық емес сипаттағы игіліктер мен қызметтер көрсетуді өндіру мен бөлуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұлған қалалар мен елді мекендердегі абастандыру объектілері, жол торабы, мемлекеттік биіктің, басқарудың, құқықтық тәртіпті қорғаудың, қорғаныстың, қршаған ортаны қорғаудың орындары мен мекемелері, шаңара халықты әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау (кәсіпдемелі деңгейде) жатады.

1.3 Қаржының функциялары және ролі

Қаржының мәні, іс-әрекет механизмі және ролі оның функцияларынан айқын көрінеді. Қаржының мәнін толық ашу оның ұғымы мен мәнеттігін ғана емес, сонымен бірге қаржының қоғамдық арналымын, яғни оның функцияларының анықтауды да талап етеді.

Қаржыға қатысты функция осы экономикалық категорияға тән қызмет түрін, мәнін, іс-қимылындағы көрінісін, салмағын, өзіне тән қасиеттері мен қасиеттерінің айырмашылығын білдіреді. Функцияда категорияның қоғамдық арналымы қамтып көрсетіледі, оның экономикалық табиғаты ашылады.

Қаржы басқа тым жалпы категориядан - ақшадан туындайтын айырмашылықты экономикалық категория болып табылатындықтан және бұл экономикалық категорияның іс-қимылының шегін сызып қарудың мүмкін еместігіне, оның қоғамдық, саяси және экономикалық өмірдің барлық сферасына терең дендеп етуіне байланысты қаржы функциясы туралы мәселе ғалым-теоретиктер арасында осы күнге дейін пікірталас тудыруда.

Қазіргі уақытта қаржының белгіштік және ұдайы өндірістік тәрізді еті турғырындамасы тағылып отыр. Бірінші тұжырымдаманың жақтаушылары қаржы қоғамдық өндірістің екінші стадиясында - ақша нысанындағы қоғамдық өнімнің құнын бөлу процесінде пайда болады, қаржының белгіштік сипаты оның іс-әрекет етуінің ерекшелігін көрсетеді деп санайды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес қаржы өмі функция орындайды. Бөлу және бақылау.

Белгіштік қатынастардың ерекше сферасы ретінде қаржының мәні ең алдымен белгіштік функцияның көмегі арқылы көрінеді. Тап осы функция арқылы қаржының қоғамдық арналымы — шаруашылық жүргізудің әрбір субъектісін оған қажет арнаулы мақсатты ақша қорлары нысанында пайдаланылатын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету жүзеге асырылады.

Жалпы қоғамдық өнімнің құны (оның ақша нысанында), сонымен бірге ақша нысанында тұраланатын ұлттық байлықтың бір бөлігі қаржының белгіштік функциясының іс-әрекетінің объектілері болып табылады.

Қарамағында мақсатты арналымының қорлары қалыптасатын ұдайы өндірістік процестің қатысушылары болып табылатын заңи және жеке тұлғалар (мемлекет, кәсіпорындар, бірлестіктер, мекемелер, азаматтар) қаржылық бөлуде субъектілер болып келеді.

Қаржының көмегімен белгіштік процесс қоғамдық өмірдің барлық сфераларында — материалдық өндірісте, айналыс және тұтыну сфераларында өтеді. Бөлудің қаржылық әдістері экономиканы басқарудың түрлі деңгейлерін: жалпыұлттық, аумақтық, жергілікті деңгейлерді қамтиды. Қаржылық бөлініске бөлінудің әр түрлі түрлерін — ішкі шаруашылық, ішкі-салаалық, салааралық, аумақаралық бөліністі тудыратын көрсеткіштік тән.

Бөлу функциясы қаржы құралдарын қоғамдық жалпы өнім мен оның аса маңызды бөлігі — ұлттық табысты, сондай-ақ ұлттық байлықтың бір бөлігін (мысалы, айналым қаражаттарын, мемлекеттік мүлікті сату операцияларын

шығарып тастағанда) бөлу және қайта бөлу процесінде пайдаланған кезде көрінеді. Бұл функцияның қаржы өнімді өздігінен бөле береді деген мағынада емес, қаржы тек жасалған өнімді бөлуді ғана ортақтастырып, жүзеге асырады деп түсіну керек. Былай деп айтқан дұрыс: өнімнің натуралдық-заттай құрамын бөлу ақша қорларын бөлу арқылы жасалады. Мемлекет, кәсіптің, фирма және халық арасында ақша қорларын (табыстар мен қорланымдарды) бөлуге сәйкес жасалған натуралдық өнім де бөлінеді.

Қаржының белгілілік функциясының і-әрекеті оның мәнінен: жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты бөлумен және қайта бөлумен байланысты қатынастарды қамтамасыз етуден; табыстар мен қорланымдарды қалыптастырудан; ақша қорларын жасаудан туындайды.

Қоғамдық өнімді бөлу алғашқы және кейінгі, немесе қайта бөлу болып ажыратылады.

Алғашқы бөлу кезінде жиынтық қоғамдық өнімнің жалпы көлемінен орнын толтыру (өтеу) қоры (материалдық шығындар мен амортизациялық аударымдар) шығарып тасталады және жаңадан жасалған құн — ұлттық табысты бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, өндірістік сфераның (шаруашылық жүргізуші субъектілердің) және халықтың алғашқы табыстары қалыптасады, олар бөлудің және қайта бөлудің күрделі процестеріне ұшырайды, бұл процестерде маңызды рөлді қаржы атқарады. Қоғамдық өнім мен ұлттық табысты алғашқы бөлу кезінде қаржы еңбекке ақы төлеу және база сияқты экономикалық категорияларымен тығыз байланыста дамиды.

Қайта бөлу салалық, сондай-ақ аумақтық тұрғыдағы шаруашылық жүргізуші субъектілер бойынша қоғамдық өнімді мүшелеудің сан алуан процесін қамтиды. Мұның нәтижесінде натуралдық - заттай нысандағы өнімді түпкілікті тұтынуды қамтамасыз ету үшін ұдайы өндіріс қатысушыларының ақшаға деген әр түрлі қажеттіліктері қанағаттандырылып отырады. Бұл орайда қатысушылардың бөлінің табыстары басқалардың шығыстары есебінен қалыптасады және ұлттық табыс қорлану қоры мен тұтыну қорына не болады. *Бірінші жағдайда* қаражаттар өндірісті кеңейту үшін немесе материалдық сфера капиталына, әлеуметтік инфрақұрылымның өндірістік емес қорларынан болатын өндірістік қорлардың (капиталдың) өсімі үшін, резервтер мен сақтық қорларын жасау үшін пайдаланылады. *Тұтыну қоры* бүкіл халықтың оның ұдайы толықтырылуы үшін пайдаланылатын түпкілікті табыстарың, әлеуметтік сфераның мекемелерін ұстауға, ғылымға, мәдениетке, басқаруға, елдің қорғанығына арналған ресурстар құрайды.

Қаржы көмегімен ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу екі әдіспен жүзеге асырылады:

қаржылық - бюджеттік әдіс. Ол бюджетке табыстарды алғанда және бюджеттен қаражаттарды қайтарусыз тәртіппен бергенде қолданылады;

несиелік - банктік әдіс. Ол уақытша бос қаржы ресурстарын жұмылдыруды және қайтарымдылық негізде кредиттер беруді білдіреді.

Қоғамдық өнімді күнделік бөлудің процесі мемлекет белгілеген қаржы құралдарының — нормалардың, мөлшерлемелердің, тарифтердің, аударымдардың және т.б. көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұлттық табысты қаржы көмегімен қайта бөлудің негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

өндірістік емес саланы қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету; бұл салада ұлттық табыс жасалмайтыны белгілеу;

елдің жеке экономикалық аймақтары арасында қаржы ресурстарын мақсатты бөлу;

қаржы ресурстарын маңызы зор прогрессивті салалардың айтырықша дамуын қамтамасыз ететін басым түрде салааралық бөлу;

қаржы ресурстарын ұтымды түрде сала ішінде бөлу, ол кәсіпорындардың әр түрлі рентабелділігімен және күрделі жұмысшылардың құбылмалы тиімділігімен ынталандырылып отырады.

Сөйтіп, ұлттық табысты қаржы көмегімен бөлу және қайта бөлу қоғам мен кәсіпорының, фирманың материал және ақша ресурстарының ұдайы өндірістегі қажетті мөлшерлесугін қамтамасыз етеді.

Қаржының қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу процесіне қатысуы бірдей емес. Алғашқы бөлу кезінде, жоғарыда атал өтілгендей, қаржы басқа экономикалық категориялармен — бағаммен, еңбекақымен өзара іс-қимыл жасайды. Қаржының қолданудың негізгі сферасы - қайта бөлу, онда ол тектес экономикалық категориямен — кредитпен өзара іс-қимыл жасайды. Қаржының белгіштік функциясы аумақаралық, салааралық, ішкісалаалық, ішкішаруашылықтық бөліністі қамтиды. *Аумақаралық және салааралық қайта бөлу* мемлекеттік бюджет арқылы жүзеге асырылады, бұл кезде ақша қаражаттары шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірінен алынып, қаржы ресурстарының жетіспеушілігін басынан кешіріп отырған әкімшілік-аумақтық бірліктер мен салаларға беріледі. Қайта бөлудің бұл түрлерінің арқасында бүкіл экономиканың үйлесімді дамуына көп жетеді, бұл Қазақстан жағдайында тұтқилықті салалардағы өндірістің дамуы үшін, сондай-ақ артта қалған аймақтарда экономика мен әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды өрлету үшін өте-мөте көкейтесті болып табылады. *Ішкісалаалық және ішкішаруашылықтық қайта бөлу* экономиканы қайта құрудың барысында шаруашылық жүргізуші субъектісінің тапқан қаражаттарын пайдалануды қажет ететін (заң бойынша мемлекетке тиісті аударымдардан басқа) коммерциялық әлеп пен өзін-өзі қаржыландыру әдістерінің енгізілуімен байланысты біртіндеп тарылып келеді.

Демек, қаржы белгіштік функция арқылы ақшалай табыстарды қалыптастыру және қаражаттарды жұмсау жолымен мемлекеттің экономикалық агенттердің экономикалық мүдделерін қамтып көрсететін белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Сөйтіп, белгіштік функция арқылы бөлу категориясы ретінде қаржының мәні ашылады, ақша нысанындағы жиынтық қоғамдық өнімнің, оның құрамды элементтерінің қозғалысымен байланысты болатын экономикалық қатынастар айшықталады

және сатып алу-сату арқылы натуралдық-заттай нысандағы қоғамдық өнімді өткізу үшін жағдайлар жасалады.

Қорытындысында қоғамдық өндірістің барлық қатысушыларының нақтылы еңбек үлесі мен қоғамдық өндіріске қатысу дәрежесі ескеріле отырып, олардың экономикалық мүдделері қанағаттандырылуы тиіс.

Қаржы ұлттық табыс құрамындағы бастапқы табыстарды да, түпкілікті табыстарды да қалыптастыру мен пайдалануды ортақтастырып, жүзеге асырады.

Қаржының белгіштік функциясының жақтаушылары бөлу арқылы қаржы ұдайы өндірістің басқа стадияларына — өндіруге, айырбастауға, тұтынуға белсенді ықпал етеді деп жорамалдайды. Мысалы, қаржы өндіріске қалыптастырылатын ақша қорларының мөлшері арқылы санмен әсер етеді: бұл қорлардың көлемін өзгерте отырып, өндіріске қалаған бағытта ықпал жасауға болады, не қолайлы қаржы жағдайларын жасау жолымен экономиканың жеке құрылымдық бөлімшелерінің дамуын тездетуге болады, не бұл өсудің қарқынын баяулатуға болады. Басқа жағынан, егер көтермелеу қорларының көлемін өндірістің белгілі бір сапалық көрсеткіштерінің, еңбек өнімділігінің, ресурстарды үнемдеудің, ір қайтарымшының және т.б. жетістіктерімен ұштастырса өндіріске сапалық әсер етуге жетуге болады. Қаржы көмегімен ұдайы өндірістің басқа сатыларына да осылайша әсер етуге болады. Сөйтіп, белгіштік функция арқылы қаржының ұдайы өндірістің барлық процестерімен байланысы және бұл категорияның өндірістің барлық стадияларына белсенді әсер етуі бақыланып отырылады.

Қаржының белгіштік функциясы тұжырымдамасының жақтаушылары айырбастамасындағы осал мезеті категорияның функциясы тал осы категорияның өзіндік ерекшелігін қалтып көрсетуі тиіс деген қағида болып табылады. Қарастырылып отырған функция бөлуге қатысушы басқа экономикалық категорияларға да — бағаға да, еңбекақыға да, кредитке де тән.

Ұдайы өндірістің тұжырымдамасының жақтаушылары қаржы — бір стадияның емес, жалпы алғанда ұдайы өндірістің категориясы деп санайды, өйткені, олардың пікірінше:

қоғамдық ұдайы өндірістің барлық стадиялары бір-бірімен тығыз байланысқан;

қаржы қоғам қызметінің бүкіл сферасына — материалдық өндіріске, айналыс пен тұтыну сферасына ене отырып, ұдайы өндірістің бір стадиясына ғана емес, жалпы бүкіл бұл процеске қызмет көрсетеді;

қаржы қоғамдық өндіріс қозғалысының барлық стадияларында пайдаланылатын бақылаудың әмбебапты құралы болып табылады.

Қаржының табиғаттық ақшаның қозғалысында анықтайтын қаржының белгіштік тұжырымдамасынан айырмашылығы ұдайы өндірістің тұжырымдамасы бұл табиғатты ақша нысанындағы қаржы қозғалысында анықтайды. Мұндай ұстанымда қаржының іс-әрекет сферасы айтарлықтай кеңиді.

Ұдайы өндірістік тұжырымдамасы жақтаушыларының қаржының мәнін осылай көзден ұғынуына сәйкес олар қаржыға мына функцияларды береді:

- 1) ақшалай табыстар мен қорларды жасау;
- 2) ақшалай табыстар мен қорларды пайдалану;
- 3) бақылау функциясы.

Қаржы көмегімен мемлекет өзінің иелігіне материалдық өндіріс сферасында жасалған қоғамдық жиынтық өнім құнының бір бөлігін алады. Бұл процесс қаржының бірінші функциясы - ақша қорларын (табыстарды) жасау арқылы жүзеге асады, бұл өзінің нақты түрдегі практикалық көрінісін, ең алдымен, мемлекеттің салық саясатында табады. Нәтижесінде қоғамда дәйекті түрде сан алуан ақша қорлары — орталықтандырылған (мемлекеттік бюджет), орталықтандырылмаған (аймақтық жән жергілікті деңгейдегі), мақсатты қорлар және т.б. жасалады.

Бұл ақша қорларын (табыстарды) нақтылы пайдалану қаржының екінші функциясы арқылы жүзеге асады, оның заттық мазмұны негізінен мемлекеттің шығыстары саясатын жүргізгенде көрінеді. Ақша қорларының (табыстардың) қаражаты қайта бөлу жолымен мемлекеттік аппаратты ұстауға, қоғамдық өндірістің ұтымды әрі тиімді құрылымын жасап, қолдауға, материалдық жағынан аз қалтырғандарды қолдауды қамтамасыз етуге және т.с.с. бағытталады. Сөйтіп, бөлу процесі ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану түрінде жүзеге асады. Қоғамдық өнімді ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану арқылы бөлу экономикалық қатынастардың пайда болуына себепші болады.

Коммерциялық есеп пен маркетинг операцияларын жүзеге асыруға байланысты болатын қаржының бақылау функциясын барлық ғылыми тұжырымдамалардың өкілдері мойындайды. Қаржының бұл функциясы экономикалық категория ретіндегі қаржыға төн қасиет және қаржының не бірінші, не екінші функциясымен бір мезгілде жүзеге асады. Бақылау функциясы мазмұнының нақтылы көрінісі мемлекеттің қаржы саясатын жүргізетін қаржы органдары қызметінің барысында іске асады. Бақылау функциясы қаржының белгілілік функциясынан туындайды және жиынтық қоғамдық өнімді, ұлттық табысты және таза табысты тиісті ақша қорлары бойынша бөлуге және оларды мақсатты жұмсауға бақылау жасаудан көрінеді. Егер қаржының мәні, табиғаты және мазмұны, бір жағынан, жиынтық қоғамдық өнімді, ең алдымен, таза табыстың бір бөлігінің қозғалысымен, оны бөлумен, ақша қорларын жасаумен және материалдық өндіріс процесінде ұдайы өндіріске бағыттаумен және бірақ жағынан, мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын жасаумен байланысты болса, қаржының бақылау функциясы да тиімді түрде материалдық өндірістің бүкіл ұдайы өндірістік процесіне де, сондай-ақ мемлекеттің ақша ресурстарының орталықтандырылған қорын қалыптастыру және пайдалану процесіне де қызмет етеді. Қаржының екі функциясының диалектикалық бірлігі мен өзара байланыстығы осында.

Бақылау функциясы қаржылық бақылауда — жалпы ішкі өнімді тиісті қорларға бөлуге және оларды мақсатты арналымы бойынша жұмсауға бақылау жасауда көрінеді.

Бақылау функциясы сандық түрде қаржы ресурстарының қозғалысы арқылы жиынтық қоғамдық өнімді бөлумен және қайта бөлудің байланысты болатын экономикалық процестерді бейнелейді. Сонымен бірге нақты нысандағы қаржы ресурстарының қозғалысы жиынтық қоғамдық өнімді құндық болу процесіне мемлекет тарапынан бақылау жасаудың негізі болып табылады. Мұндай бақылаусыз экономиканың төңкерімді дамуының қамтамасыз етілуі мүмкін емес.

Қаржының бақылау функциясының экономикалық мағынасы кәсіпорынның фирманың шаруашылық - қаржы қызметіне тенгемен бақылау жүргізу. Бұл бақылау материал, еңбек және ақша ресурстарын өнімсіз әрі тиімсіз пайдалануды анықтап қана қоймай, сонымен бірге кәсіпорындарда, фирмаларда өндіріс рентабелділігін арттырудың резервтерін ашуға, өндірістік емес шығындарды болдырмауға мүмкіндік береді.

Қаржы мәселесі жөніндегі заңнамалардың бұзғымай сақталуын мемлекеттік бюджет, банк аясындағы қаржылық міндеттемелердің, сондай-ақ шаруашылық жүргізуді субъектілердің есептесу және төлемдер жөніндегі өзара міндеттемелерінің дер кезінде және толық орындалуын тексеру қаржылық бақылаудың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қаржының бақылау функциясын жүзеге асырудың нысаны қаржылық көрсеткіштерді білдіретін қаржы ақпараттары болып табылады. Шаруашылық жүргізуді субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің түрлі жақтарын жинақталған түрде қамтып көрсететін түсім-ақша, табыс (пайда), рентабелділік, өтімділік, айналымдылық, төлем қабілеттілігі, қор қайтарымы және басқалары сияқты талдап көрсетілген қаржылық көрсеткіштер арқылы белгіленген нормалар мен нормативтерді қолдануды, макродеңгейде де, микродеңгейде де экономикалық процестердің тиімділігі мен нәтижелігін бақылауға болады.

Ұдайы өндіріс процесіндегі қаржының бақылау функциясының рөлі қаржылық мәртөлі арқылы жүзеге асуымен және оның жай-күйімен, белгіленген нормалар мен нормативтердің сақталуымен, қаржылық міндеттемелердің орындалуымен байланысты болуы мүмкін.

Қаржылық тәртіп оны бұзушыларға қаржы санкцияларын қолдана отырып мемлекеттік парызды сақтауға негізделген.

Қаржының бақылау функциясы қаржы органдарының сан қырлы қызметі арқылы жүзеге асырылады. Қаржы жүйесі мен салық службасы қызметкерлері қаржылық бақылауды қаржыны жоспарлау процесінде, бюджет жүйесінің кіріс және шығыс бөлігінің атқарылуы кезінде жүзеге асырады.

Нарықтық қатынастардың дамуы жағдайында бақылау жұмысының бағыттары, қаржылық бақылаудың нысандары мен әдістері айтарлықтай өзгерді.

Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың мынадай түрлерін ажыратады:

қаржылық шаруашылық бақылау. Оны фирмалардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің, министрліктер мен ведомстволардың қаржы органдары арша қорларын бөлу жолымен жүргізеді. Ұдйы өндірістің бүкіл барысына, өнімді шығару мен өткізудің ауқымына, өзіндік құн мен рентабелділікке, сібекке ақы төлеуге осылайша ықпал жасалады. Қаржылық бақылаудың бұл түрі өндіріс тиімділігін жүйелі арттырып отыруға бағытталған;

қаржылық-бюджеттік бақылау. Ол кәсіпорындар табысының (пайдасының) бір бөлігін мемлекеттік бюджетке алу арқылы, сондай-ақ кәсіпорындар мен құрылымдарды қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады. Осылайша қаржы жүйесі белгіленген төлемдердің бюджетке дер кезінде түсуін, сондай-ақ бюджет қаражаттарының бизнес-жоспардың немесе құрылым қаржының орындалуына қарай берілуін бақылайды;

кредиттік-банктік бақылау. Ол фирмалар мен кәсіпорындарды несиелеу арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда қаржының бақылау функциясы несие берудің мағзидігі қалтұрмалдылығы, ақылығы қағидаттарынан көрінеді. Бақылаудың бұл түрі Банк арқылы өтетін ақшалай есептесудің (өнім, жұмыс, қызметтер көрсету үшін) жүйесі арқылы жүргізіледі.

Қаржы қоғамдық ұдайы өндірістің бөлу стадиясының құралы бола отырып, ұдайы өндірістің барлық стадияларына ықпал ете алады. Бұл етудің объективті алғышарттары екі мән-жаймен байланысты:

1. Қаржы қоғамдық өндірістің барлық стадияларына (өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну) ықпал етеді.

2. Қаржының экономикалық процестерінің катализаторы болуға әлуеттік ерекшелігі бар (бұл белгіштік функциядан туындайды). Бөлу ұдайы өндірісте айырындаушы сфера болып табылатын материалдық өндіріс сферасында басталады, өйткені ол өндірістің сипаты мен ауқымына әсер етеді.

Қаржы ұдайы өндіріс процесіне екі түрлі ықпал жасайды:

а) сан жағынан, бұл белгіштік процестің үйлесімдерімен сипатталады;

б) саға жағынан, бұл қаржының шаруашылық жүргізуші субъектілердің материалдық мүдделеріне ықпалымен сипатталады.

Қаржы микроэкономикалық дамудың тиімді ара қатысын белгілеуде, ұдайы өндірістің заттық және құндық элементтерінің тепе-теңдігіне жетуде, өндіріс тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

2 ҚАРЖЫ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1. Қаржының басқа экономикалық категориялармен өзара байланысты

Қоғамдық өнімді бөлу процесі өте күрделі, мұның барысында өндірісте жасалған құн шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында, ал олардың әрқайсысында мақсатты арналым бойынша бөлінеді. Осыған байланысты ол түрлі экономикалық категориялардың көмегімен жүзеге асады, бұлардың әрқайсысы ерекше, тек өзіне тән рөлдерді орындайды. Қаржы құндық бөлу процесіне қатыса отырып, баға, жалақы, кредит сияқты категориялармен өзара тығыз байланыста болады және өзара іс-қимыл жасайды. Бұл ақша категориялары ұдайы өндіріс циклінің басқа стадияларындағыдай сонымен бірге белгішілік процеске де қатысады. Алайда олардың қатысу өлшемі мен нысандары бірдей емес. Жеке экономикалық категориялардың ұдайы өндіріс процесінің түрлі стадияларында қатысу дәрежесі әр түрлі. Аталған категориялардың әрқайсысы тек оған тән әдістермен және тәсілдермен қоғамдық өнім мен ұлттық табысты бөлудің біркелкі процесіне қатыса отырып, белгішілік және басқа ұдайы өндірістік қатынастардың жүйесінде өзінің ерекше орнын алады.

Баға — жұртқа мәлім, тауар құнының ақшалай тұлғалануы. Ол еңбек өнімінің натуралдық-заттай нысанынан ақша нысанына көшуінің және сатып алу-сату актілерінің негізінде оның бір кеден басқасына қозғалысын ортақтастыра отырып құндық бөліністің бастапқы категориясы ретінде көрінеді. Ұлттық табыс бөлінгенге дейін және қайта бөлінгенге дейін тауар сатылуы тиіс. Баға өнім кесіне оны өткізуден түсетін ақшаның мөлшерін ашып ала анықтайды және одан әрі бөлінетін процестің алғашқы негізі болып саналады. Бөлініс процесінде еңбектің қоғамдық қажетті шығындарымен анықталатын құннан бағаның ауытқуы пайда болуы мүмкін, мұның нәтижесінде бірқатар өндірушілерде көп құн, басқаларында аз құн өткізіледі. Мұндай жағдайда қайта белгішілік процеске өзінің әдістерімен қаржы араласады: ол құнның бір бөлігін (мысалы, акциздердің, экспортқа немесе импортқа салынатын салықтардың, кеден баждарының көмегімен) алады немесе құнның көп алынған бөлігін субвенциялар, бюджеттік немесе салалық қаржыландыру жолымен алып береді. Бағаның құннан ауытқуын мемлекет *бағаларды сағандық* жүргізгенде реттелетін бағалар, әлеуметтік тұрғыдағы төмен бағалар, жоғары сұраныммен анықталатын баға — монополиялық бағаларды әдейі белгілей алатынын есте ұстаған жағдайда тауарлардың, қызметтер көрсетудің сұранымы мен ұсынымы қалыптастырады еркін бағалар басым болады.

Алайда бағаның іс-әрекеті нәтижелердің тікелей жасалуын тудырмайды, ол тауар өндірісі мен айырмашылығы тегісі болып көрінеді. Айырбас актісі дегеніміз бір мезгілдегі сату (біреу үшін) мен сатып алу (басқа үшін). Тауарларды баламасыз сату кезінде "т"-нің үлесі азаяды немесе көбейеді, ал

баламасыз сатып алу кезінде жаңа тауардың "с" және "V" ауқымы мен үйпесінді өзгереді.

Қаржы көмегімен шаруашылық жоспарларымен және үйпесімдерімен белгіленген құн қозғалысының шарттарын ескеру отырып бөлудің бағамен басталған қорық мүдделі. Егер бағаның көмегімен өнімді өткізуден түсетін жалпы түсім-ақша қалыптасатын болса, қаржылық бөлу бұл түсім-ақшаны одан әрі бөлуге арналған мақсатты ақша көрлері бойынша бөлшектейді. Сөйтіп бөлудің қаржылық әдістері аяғұрлым илгіш келеді, олар бұл процестегі үлкен атаулы сипатты қамтамасыз етеді. Бөлу көңілділігінің дәрежесі әр түрлі: егер баға құнның қоғамдық қажетті шығындардан ауытқуы немесе шығындардың жеке-дара шығындардан ауытқуы түріндегі оның тек бір бөлігін бөлетін болса, қаржы жалпы қоғамдық өнімнің бүкіл құнын қайта бөледі.

Қаржы бағамен негізі қаланған үйпесімдерді нақтылайды. Қаржылық бөлудің бағамен бөлуден айырмашылығы сол, бағамен бөлудің объектісі жалпы қоғамдық өнімнің тек бір бөлігінің болатындығы (бағаның құнға ауытқу бөлігі). Бағамен бөлудің қатысты қаржылық бөлу қайталама болып табылады. Бағамен бөлу үлестірім бетінде байқалыпбайды, ол түсім-ақшаның жалпы массасында жасырылған, ал қаржылық бөлу анық көрініп тұрады. Бағамен бөлу тек бөлігімен, ал қаржылық бөлу бөлігімен және қайта бөлігімен сипатталады.

Баға амортизациялық аударымдардың көлемін анықтауда әрекетше рөл атқарады. Өндіріс құралдарының бастапқы және қолданыстағы бағаларының арасындағы алшақтық амортизациялық қордағы елеулі ауытқуларға себепші болады. Өндіріске көпшілікке салынған (баламасыз сатып алуға қарай), құнның бағалық бұрмалануы баламасыз сату кезінде күшейеді және бөлу мен тұтыну стадияларындағы қайта бөлігілік қатынастардың көбеюін тудырады.

Әсіресе инфляция жағдайында Қазақстанда баға күшті өсті және бағаның бөлігілік функциясы күшейе түсті. Баға сонымен қатар тауарларға деген сұраным мен ұсынымды да реттейді, сөйтіп, ұдайы өндіріске, шығынның орнын толтыру қорының мөлшері мен құрылымына, демек, табысқа да ықпал жасайды.

Қаржы өлкеге ақы төлеумен тығыз байланысты. Бағаның ізінше қаржылық бөлудің ішінде жаңағы жұмыс істей бастайды. Қаржы жалақы қоры мен еңбекке ақы төлеудің басқа көрлерінің оқшаулануы үшін жағдайлар жасайды. Бұл категориялар жұмыс күшінің ұдайы өндіріс процесін ынталандырады. Материалдық өндіріс сферасында еңбекке ақы төлеу қоры (жалақы қоры) қаржының көмегімен өнімді өткізуден түскен түсім-ақшадан бөлінеді. Бұл көр өндірілген өнімнің көлеміне қарай қалыптасуы мүмкін. Шаруашылық практикада табыс категориясын пайдаланған жағдайда еңбекке ақы төлеу қоры көл жеткен қаржы нәтижелерімен тығыз байланысты үйпесінде қалыптасады.

Сырттай қарағанда еңбекке ақы төлеу қорын анықтауға баға факторы тікелей қатыспайды деген пікір туады. Бірақ таза табысты бөлу арқылы оның

әсері ақиқат көрінеді. Нарықтық жүйеде бағаның еңбекке ақы төлеу қорына әсері бұрынғыдан бетер арта түседі.

Ұлттық табыттың бөлудің нәтижесі болып табылатын еңбекке ақы төлеумен өзара әрекеттесе отырып, қаржы оны салықтар, қарыздар және ақша ресурстарының жалпы мемлекеттік қорға қаражаттарды жұмалдырудың басқа әдістері: зейнетақы, сақтандыру қорына төленетін жарналар арқылы ішкінара қайта бөлуді қамтамасыз етеді.

Өндірістік аяқ сферада қызметкерлердің еңбекке ақы төлеу қоры елеулі дәрежеде бюджет қаражаттары есебінен қалыптасатындықтан және тиісті бюджеттің қаржы мүмкіндіктерімен анықталатындықтан бұл сферадағы қаржы мен еңбекке ақы төлеудің байланысы көрнекі (айрықша) болады.

Барлық жағдайда экономикалық категория ретіндегі *еңбекке ақы төлеу* жасалған өнімдегі әрбір қызметкердің үлесінің сәйкестігін, яғни қызметкердің бөлудегі қатысу шегін анықтайды, ал қаржы жалақы қорын немесе еңбекке ақы төлеу жөніндегі қорды қалыптастырады.

Еңбекке ақы төлеу тұтыну стадиясында яғни тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу арқылы пайдаланылады. Бір мезгілде оның белгілі бір бөлігі қаржылық әдістермен қалыптың салықтарды, сақтандыру жөніндегі жарналарды төлеуі түрінде; несиелік әдіспен — банкілерге салынған салымдар, мемлекеттік қарыздардың облигациялары түрінде; ақшаның және басқа бағалы қағаздарды сатып алу, потерелер еткізу жолымен жұмалдырылады.

Жалақы мен қаржының іс-әрекет етуінің айырмашылығы:

1) қаржылық бөлудің шекарасы ажыұрлым кең; жалақы тек еңбек шығындарын өтеуге қатысты;

2) қаржы құнның біржақты қозғалысына қатысады, ал жалақы оның екі жағында қозғалысына — еңбек құнына және оның ақшалай өтем ақысына қатысты.

Жалақы көмегімен V толық және m ішкінара бөлінеді. қаржының көмегімен қорлардың жыынтығы, ал жалақының көмегімен жалақы қоры мен сыйлық ақы қоры қалыптасады. Олар еңбекке ақы төлеу қорын құрайды. Жалақы — салық төлеудің негізі. Жалақының көзі қаржы ресурстары болып табылады, ал жалақы қоры оны үнемдеу кезінде өзі қаржы ресурстарының көзі бола бастайды. Сонымен бірге қарастырылып отырған категориялардың *іс-қимыл сфералары* мен іс-қимыл уәждері айтарлықтай ажыұрмалы. Қаржының іс-қимылы еңбекке ақы төлеуге қарағанда кеңірек, өйткені қаржы *бүкіл қоғамдың өнімін*, ал еңбекке ақы төлеу тек *құжымның өнімін және қосымша өнімнің бір бөлігін* бөледі. Еңбекке ақы төлеу өндірістің аса маңызды факторларының бірі — *құжым құшкінің іс-қимылымен* байланысты, жұмсалынған еңбектің өтем-ақысының құралы қызметін атқарады, ал қаржы, бұдан басқа, *өндіріс құралдарымен* олардың тікелей қалыптасуы арқылы байланысты. Еңбекке ақы төлеу оның *өнімділігін* ынталандырады, ал қаржы қаржы механизмі арқылы оның дамуын жандандыра отырып, бүкіл қоғамдық өнімге ынтал етеді.

Қоғамдық өнім құнын бөлуге *кредиттік* қатысады. Әрі қайта бөлгіштік процестер кредит қатынастарының сферасында ағытып жатады. Қаржыдағы сияқты кредит қатынастарында да шаруашылық жүргізуші субъектілерді, халықты, мемлекетті ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелендіру мақсаттары үшін несиелік деп аталатын ақша қорларын қалыптасып, пайдаланылады.

Банктердің ресурстары қайта бөлу стадиясында қалыптасатынын белгілі, яғни кредит бұрын бөлінген құнды бөледі. Кредит қаржы ресурстарын толықтырады және ұлғайтпалы ұдайы өндіріс процесіне мүмкіндік туғызады. Кредиттің көмегімен қаржы ресурстары шаруашылық жүргізуші субъектілер мен халықтың (үй шаруашылығының) арасында қайта бөлінеді. Қаржы мен кредиттің арасында көптеген ортақ белгілер бар, бірақ негізгі белгі өндірістік

қорлардың (капиталдардың) толық айналымында екі категорияны кеңінен пайдалану болып табылады. Екі категория да қоғамдық шаруашылықта қаражаттардың қалыпты, үздіксіз ауыспалы айналымы үшін жағдайлар жасауға бейімделген. Бұл категориялардың материалдық сферадағы кешенді ықпал жасауының объектілері өндірістік капитал болып келеді. Қаржы және кредит күрделі жұмсалымдар мен айналым қаражаттарын қалыптандырудың көздері болып табылады. Бірге үйдесе отырып, олар кәсіпорындардың ақша қорларының айналымын ұлғайтпалы негізде қамтамасыз етеді. Қаржылық әдіспен әдетте шаруашылық органдардың ақшаға деген тұрақты қажеттіліктері, несиелік әдіспен олардың уақытша қажетандары қанағаттандырылады. Келешекте күрделі жұмсалымдардың көзі ретінде кредит ресурстарының рөлі артатын болады.

Сонымен қатар қаралып отырған категориялардың арасында белгілі бір айырмашылықтар да бар. Егер қаржы қоғамдық өнімді бөлетін және қайта бөлетін болса, несиелік қаржы бастаған бөлуді жалғастыра отырып тек қайта бөлуге қатысады. Несиелік объектісі осы мезетте уақытша бос болып келетін құнды бір бөлігі болып табылады. Бұл ақшаны қажетсініп отырған шаруашылық органдары мен халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құнды несиелік қорына шоғырландыруға мүмкіндік береді. Жиынақталған ақша қаражаттарын *кредиттік* әдісі айтарлықтай айырмашылық болып табылады: қаржыландыру қаражаттарды өтеусіз және мерзімсіз тәртіппен бағыттауды шамаласа, несиелендіру қайтарымдылық, мезгілдік, ақшанық жағдайларында жүргізіледі; кредиттің аса маңызды қағидаты — берілетін кредиттердің материалдық қамтамасыздығы.

Қаржы *есеп-қисаптармен* және *есеп айырысу жүйесімен* өте тығыз байланысты, өйткені олардың іс-әрекет етуі жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы өзара есеп айырысуға негізделген. Есеп-қисаптар экономикалық категориялар емес, олар — аталған категорияларды іске асырудың құралы. Бұл жерде ақшаның айналыс құралы және төлем құралы ретіндегі функциясы пайдаланылады. Қаржылық операциялардың уақтылы жасалуы, мақсатты қорлардың қалыптасуы, қаржы ресурстарының қажетті бағыттар бойынша кедергісіз қозғалуы есеп-қисаптардың айқындығына, жолға ойылғандығына байланысты болып келеді. Ақшалай

есеп-қисаптар коммерциялық, есеп пен өзін-өзі қаржыландыруды жүзеге асырудың маңызды буыны болып табылады. Олардың қалыптғы жұмыс істеуі ұдайы өндіріс пен қандық экономикалық категориялардың — бағаның, қаржының, кредиттің, еңбекке ақы төлеудің іс-қимылының өте қажетті шарты болып табылады.

Экономикалық категориялардың өзара іс-қимылы туралы қаралған негізгі идеялары оларды ұдайы өндірісті басқарудың практикасында, оны жүзеге асырудың барысын бақылауда және оның тиімділігін ынталандыруда пайдалануға келісілген, өзара үйлесілген тәсілдемені қажет етеді.

2.2 Қаржы қатынастарының ресурстарымен қорлары

Қаржы ғылымы қаржыны тек экономикалық категория және айрықшалықты өндірістік қатынастардың жиынтығы ретінде ғана қарастырып қоймайды, сонымен бірге мақсатты ақша қорлары түріндегі олардың материалдық және ақшым баса көрсетеді. Бұл қорлар қаржы қатынастарының тұрақты несі болып келеді. Олардың қалыптасу көздері және қорлардың өздері (бұл көздерді біріктіруші) ұлттық шаруашылықтың тиісті буындарының қаржы ресурстары болып табылады. Қаржы ресурстары ұдайы өндірістің және мемлекеттің шығындарын жабу үшін қажет. Демек, қаржы ресурстары — бұл жалпы өнім өнім құрамының бір бөлігін, атап айтқанда ақша нысанындағы таза табысты бөлу және қайта бөлу процесінде жасалынатын мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілердің және халықтың қарамағындағы ақша қаражаттары, олар ұлғаймағы ұдайы өндіріс пен басқа жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етуге пайдаланылады. Тап қаржы ресурстары қаржы категориясын баға және басқа құндық категориялардан бөліп алуға мүмкіндік жасайды. Қоғамдық жалпы өнім мен ұлттық табысты арттыру қаржы ресурстары өсуінің басты шарты болып табылады.

Қаржы ресурстарында негізгі орынды таза табыс (пайда, қосылған құнға салынатын салық, ақшадер, кеден төлемдері, қоғамдық мүдделерге араланатын жарналар нысанындағы) және амортизациялық аударымдар алады.

Қаржы ресурстарының қаржы қорларынан айырмашылығы бар. Қаржы қорлары (қорланым, босалқы қор)—қаржылық әдіспен қалыптастырылған, белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға пайдаланылатын мақсатты ақша қаражаттары, ал қаржы ресурстары болса, ол мемлекеттік (оның органдары арқылы) және шаруашылық жүргізуші субъектілердің табыстары мен түсімдері. Біріншіден қаржы ресурстары деп ақша қаражаттарының көздерін, шаруашылық органның немесе шаруашылық жүргізуші субъектінің мұндай қаражаттарды жасау мүмкіндіктерін түсінеді. Екіншіден қаржы ресурстары — бұл қорлардағы, яғни ақша қаражаттарының мақсатты босалқы қорларындағы "бәйленіп қалған" қаражаттар, сондай-ақ әлі мақсатты белгілі бір бағыттылығы жоқ қорлар бойынша қалыптаспаған ақша қаражаттары. Мысалы, ақша қаражаттарының бір бөлігінің алғашқыда қор сипаты болмайды — бұлар шаруашылық органдарының олардың шаруашылық әріптестері тарапынан келісімшарттарды, өзара шарттарды және шаруашылық жүргізудің басқа шарттарын бұзғаны үшін алатын айыппұлдары, өсімдері, тұрақсыздық төлемдері. Мұндай қаражаттардың түсуін күні бүгінге дейін алу мүмкін емес.

"Қаржы ресурстары" ұғымындағы оның екі жағын ажырата білген жөн.

1. Шаруашылық жүргізу практикасында "қаржы ресурстарының" ұғымы деп мемлекеттің, кәсіпорындардың қарамағындағы белгілі бір кезеңдегі барлық ақша кірістері мен қорланымдардың жиынтығын, яғни ақша қорларын, кредит ресурстарын, ақша резервтерін айтады. Бұл шаруашылық жүргізудің шаруашылық есеп практикасы тұрағысынан туындаған

практикалық тәсілдеме. Расында, кәсіпорынның банктегі оның шотындағы белгілі бір күндегі ақшалары олар кәсіпорынның меншікті немесе қарыз қаражаттары болып келетіндігіне қарамастан оның барлық нақтылы қаржы ресурстарын құрайды. Сол секілді мемлекеттік бюджетте шоғырланған кірістер, қорланымдар олар жасалынған күнді алғашқы немесе кейінгі бөлудің нәтижесі болып табылатындығына қарамастан мемлекеттің әрбір нақты күндегі қаржы ресурстары болып саналады.

2. Егер жиынтық өнімнің ($c + y + m$) материалдық-заттай және құндық құрылымына, оның бөлінісіне және бұл процестегі орнына сүйенсек, онда қаржы ресурстарының ұғымы басқаша көрінеді. Егер қайталама есептің элементін шығарып тастасақ, онда "қаржы ресурсының" ұғымы тікелей мемлекет пен кәсіпорындарда оларға жүктелінген функцияларды орындау үшін шоғырланатын құндық, (ақша) нысанындағы жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың бір бөлігін білдіреді.

Қаржы ресурстарын пайдалану (оларды пайдаланудың қор емес нысанының да мүмкін болуымен) негізінен арнаулы мақсатты арналымының ақша қорлары арқылы жүзеге асырылады. Қаржы қорлары ұлттық шаруашылықта іс-әрекет ететін ақша қорларының бүкіл жүйесінің құрамды бөлігі. Қаржы ресурстарын пайдаланудың қор нысаны ұлғаймалы ұдайы өндірістің қажеттері негізінде объективті түрде алдын ала анықталады және қор емес нысанымен (меншікті) табысы, әдеттегідей жалақысы бола отырып, қаржы ресурстарының көзі ретінде үш бағытта көрінеді: салықтар (еңбек ақысынан төленетін); сақтық төлемдері (сыйақылар); басқадай төлемдер (ерікті жарналар, арнаулы қорларға аударылатын жарналар және т.б сияқты). "M" элементі табыс (пайда), өнімдер мен импортқа салынатын салықтар нысанындағы қосымша өнім қаржы ресурстарының негізгі көзі болып табылады.

Қаржы ресурстарының көздері макродеңгейде (мемлекет деңгейінде) және микродеңгейде (шаруашылық жүргізуші субъект деңгейінде) іс-әрекет ететін көздер болып бөлінеді:

Макродеңгейдегі қаржы ресурстарының көздері:

- жалпы ішкі өнім;
- ұлттық байлық;
- тартылған (қарыз) ресурстары;

Микродеңгейдегі қаржы ресурстарының көздері:

- меншікті қаржы ресурстарының көздері: өнім өткізуден түскен табыс (кәсіпорын ресурстарын қалыптастыруға мүмкіндік береді);
- субъектінің сыртқы экономикалық қызметі; мүлік (сатуға болатын ғыпараттар, жабдықтар және өзге активтер);
- шаруашылық жүргізуші субъектісінің меншікті қаражаттарына теңестірілетін қаражаттар (олар субъектінің қарамағында болады): тұрақты пассивтер нысанындағы жалақы; қосымша жалақы — қызметкерлердің демалыстарын төлеуге арналған ақша (есептелінеді, бірақ шаруашылық жүргізуші субъектісінің қарамағында болады);

тартылған қаражаттар (бұл кәсіпорынның қаржы рыногында — бағалы қағаздар, несиелі қағаздары және т.б. рыногында қалыптастырылатын қаражаттары); акциялар мен облигацияларды сату; қарыз қаражаттары;

қаражаттарды қайта бөлу тәртібімен алынатын мөздер; жоғары инстанциялардан (министріліктерден, бюджеттен алынатын) алынатын қаражаттар; сақтық өтеулері (сақтандыру — қаражаттарды қайта бөлу әдісі).

Мыналар *макродеңгейдегі қаржы ресурстарының негізгі түрлері* болып табылады: Халықаралық валюта қорының және басқа халықаралық ұйымдарының кредиттері, Ұлттық Банктің ішкі кредиттері, салықтар; бюджетке төленетін басқадай төлемдер; бюджеттен тыс қорларға аударылатын аударымдар және өзгедей түрлері.

Макродеңгейдегі қаржы ресурстарының түрлеріне мыналар жатады: шаруашылық жүргізуші субъектісінің таза табысы — пайдасы; амортизациялық аударымдар; кредиттер; сақтық өтеулері; істен шыққан мүлікті сатудан түскен түсім-ақша; орнықты пассивтер;

құрылыста ішкі ресурстарды жұмылдыру; серіктестіктер мен кооперативтер мүшелерінің үлестік және басқа жарналары; меншікті бағалы қағаздарды сатудан алынған табыстар; жоғарғы құрылымдардан аударылатын қаржы ресурстары; бюджет субсидиялары және басқадайлары.

Қаржы ресурстары орталықтандырылған және орталықтандырылмаған болып бөлінеді.

Орталықтандырылған қаржы ресурстары бюджет және макродеңгейдегі ұдайы өндірістің қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Ұлттық шаруашылықты қаржыландырудың мынадай *бюджеттік әдістері* болады:

1. Мемлекеттік күрделі жұмсалымдар (бұл әдіс экономиканы жандандыру, өндірістің жаңа салаларын жасау үшін пайдаланылады).

2. Мемлекеттік кетере сатып алу (оның көмегімен жылытық сұраным белгіленеді, мемлекет тауарлардың уақтылы өтуіне мүмкіндік туғызады).

3. Субсидиялар (өтеусіз берілетін қаражаттар). Олардың мынадай түрлері болады: демеу қаржы (залалдарды, берешектерді, мысалы, жалақы жөніндегі, жабуға пайдаланылатын субсидиялардың түрі); субвенциялар (мақсаты шығындарға жұмсалатын субсидиялардың түрі); экспорттық сыйлықақылар (экспортталатын тауардың бағасын төмендету үшін пайдаланылатын субсидиялардың түрі).

4. Бірлескен кәсіпорындарға жұмсалатын инвестициялар.

5. Мемлекет тарапынан болатын жеңілдікті несиелендіру.

Орталықтандырылмаған қаржы ресурстары шаруашылық жүргізуші субъектілерде қалыптасады және өндірісті кеңейтуге, кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға пайдаланылады.

Қаржы ресурстарын босатып алудың мынадай жағдайлары болады:

- 1) айналым қаражаттарының айналымдылығын тездету;
- 2) өндірісті қысқарту;
- 3) тауар-материалдық құндылықтардың босалқы қорларын қысқарту;

4) материал сыйымдылығын қысқарту;

5) меншікті қаражаттарды қарыз қаражаттарымен ауыстыру. Ұдайы өндірістік процесті жаңадандырудың маңызды аспектісі ғылыми-техникалық прогресс болып табылады. Оны қаржы ресурстарының — орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ресурстары есебінен қамтамасыз ету — оларды пайдаланудың басым бағыттарының бірі. Қаржы ресурстарының бір бөлігі *резервтерді* — көлденең пайда болған қажеттіліктерді қаржыландыруды қалыптастыру үшін бөлінуі тиіс.

Ұдайы өндірістің мақсаттарын қамтамасыз етуден басқа қаржы ресурстарының едәуір көлемі басқаруға, қорғанысқа, құқық тәртібін қорғауға, үкіметтік борышты төлеуге бағытталатынын білген жөн.

Қаржы ресурстарым өсірудің маңызды факторы *қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру* болып табылады, бұл ұдайы өндіріс процесінде ұлттық табыстың артуын білдіреді, сондай-ақ экономикалық қызметтің қаржылық нәтижесінің өсуіне жеткізеді. Еңбек өнімділігімен қоғамдық өндіріс тиімділігінің басқа көрсеткіші - қор қайтарымы (капитал қайтарымы) тығыз байланысты. *Қор қайтарымын арттыру* қаржы ресурстарын қалыптастыруға, атап айтқанда, олардың негізгі көзі — таза табыстың өсіміне сөзсіз әсер етеді, ол өнім өндіру ауқымы өсімінің, сондай-ақ ағымдағы шығындары (ең алдымен жалақы мен амортизациялық аударымдарды) үнемдеудің нәтижесінде артады. Және, керісінше, қор қайтарымының төмендеуі қаржы ресурстарын азайтады.

Екінші фактор — бұл материалдық шығындардың орнын толтыру қоры мен өндірілген ұлттық табысқа *жалпы қоғамдық өнімнің бөліну рәжесіндегі* Жылытық қоғамдық өнімдегі материалдық шығындардың үлесін - материал сыйымдылығын төмендету өндірілген ұлттық табысты — қаржы ресурстарының негізгі көзін — арттыруға мүмкіндік беретін фактор болып табылады.

2.3 Қаржы жүйесі және оны ұйымдастыру принциптері

"Қаржы жүйесінің" ұғымы қаржы ұғымының одан әрі дамуы және нақтылана түсуі болып табылады.

Елдің біртұтас қаржы жүйесі тиісті ақша қорлары құрылып, пайдаланылатын қатынастардың, сонымен бірге бұл қатынастарды ұйымдастыратын органдардың жиынтығын қамтиды. Қаржы жүйесінің ұғымы кейде тар мағынада, тек мемлекеттің қаржы мекемелерінің жиынтығы ретінде қолданылады, бұл жеткіліксіз.

Сонымен бірге жалпы институционалдық тұрғыдан алғанда қаржы жүйесі бұл қаржы мекемелерінің жиынтығы, ал экономикалық тұрғыдан — ол мемлекетте іс-әрекет ететін бір-бірімен өзара байланысты қаржы қатынастарының жиынтығы екенін естен шығармаған жөн.

Өзінің тарихи дамуында қаржы жүйесі ұзақ эволюциядан өтті. Қаржы қатынастарының пайда болуы кезінде қаржы жүйесі, жалпыға мәлім, әдетте, тек бір ғана буынмен — мемлекеттік бюджетпен шектелді. Классикалық капитализм жағдайында Батыстың, көптеген өркендетті елдерінің, соның ішінде бұрынғы КСРО-ның қаржы жүйесін екі негізгі буын — мемлекеттік бюджет немесе жергілікті қаржылар құрады. Олар ақша қорларын қалыптастыруға мүмкіндік берді, бұл буындардың көмегімен мемлекет өзінің саяси және экономикалық функцияларын орындап отырды.

Қаржы жүйесі терминінің жоғарыда келтірілген анықтамасында қаржының негізгі сипаттамасын, оның қосалдық-экономикалық процестегі орнын негіздей отырып, қаржы жүйесін сыныптаудың қағидалы үлгісі келтірілген. Осы критерийге сәйкес қаржы жүйесі мынадай үш бөлікті қамтиды:

- 1) қаржы қатынастарының жиынтығы;
- 2) ақша қорларының жиынтығы;
- 3) басқарудың қаржы аппараты.

Ақша қорларының қозғалысына байланысты мемлекет, шаруашылық жүргізуші субъектілер, салалар, аймақтар және жеке азаматтар арасында пайда болатын экономикалық ақша қатынастарының жиынтығы қаржы қатынастарымен құрайды.

Қаржы қатынастары негізінен мына екі сфераны қамтиды: 1) мемлекеттік бюджетке жинақталатын мемлекеттің орталықтандырылған ақша қорларын қалыптастырып, пайдаланумен байланысты болатын экономикалық ақша қатынастары;

2) кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ақша қорларының толық айналымын ортақтандыратын экономикалық ақша қатынастары.

Қаржы қатынастары өзінің экономикалық табиғаты жөнінен белгілілік қатынастар болып табылады, оның үстіне құнды бөлу ең алдымен субъектілер бойынша жүзеге асырылады. Сондықтан қосалдық өндірістегі субъектілердің рөлі қаржы қатынастары жүйесінің алғашқы объективті белгісі ретінде көрінеді.

Қаржы қатынастарының буындарына тән болып келетін тіксіз орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығы қаржы жүйесінің екінші бөлігін құрайды.

Қаржы жүйесі интеграциялық тұрпатты жүйе болып табылады, оған кіретін элементтердің (қосалқы жүйелердің) тығыз байланысымен және оның қосалқы жүйелерінің бірде-бірі өзінше өмір сүре алмайтындығымен сипатталады: қаржы бір жағынан, өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдіреді және осы қатынастар жүйесінің элементі болып келеді, екінші жағынан, өзінің функциялық өзіндік срекшелігі бар өзара байланысты элементтерден тұратын жүйе болып табылады. Функциялық сыныптауға сәйкес қаржыларда *функциональдық қосалқы жүйелер* ретінде мыналарды айтуға болады: салық, бюджет, сыртқы экономикалық, қаржылық жоспарлаудың (болжаудың), қаржылық бақылаудың және басқа қосалқы жүйелері.

Қаржы жүйесін сыныптаудың функциялық критерийінен басқа қаржы субъектілерінің (қаржы қатынастарындағы қатысушылардың) белгісі бойынша сыныптау қолданылады. Бұл қаржы жүйесін сфералар мен буындар бойынша: мемлекеттің қаржысына, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысына, қалықтың (ұл шаруашылығының) қаржысына шектеулер мүлкілік береді.

Буындардың сипаттамасының матасылған қатары ретінде жоғары элементтері болады: қаржы қатынастары, қаржы қорлары, басқарушы аппарат. Жүйелердің мұндай қасиеті қаржы жүйесіне интеграциялық сипат береді.

Қаржы жүйесін құрайтын жеке элементтердің орны мен рөлі бірдей емес. Бастапқы (басты) элемент жүйенің басқа элементтерінің арасында алдымыз орынды алады, өйткені жүйе элементтері мен буындардың өзара байланысындағы оның рөлі айқындалушы болып табылады. Бұл - бірінші кезекте мемлекеттік бюджетпен көрінетін мемлекеттің қаржысы.

Мемлекеттің қаржысы - қоғамдық өнімнің құнын және ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу туралы, мемлекет пен оның шаруашылық субъектілерінің қарамжына қаржы ресурстарын қалыптастырумен және мемлекеттің қаражаттарын олардың жұмыс істеуімен байланысты шығындарға жұмсаумен байланысты ақша қатынастары. Мемлекеттің қаржысы өзіне мемлекеттік бюджетті, мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды, мемлекеттік кредитті кіріктіреді.

Мемлекеттік бюджет - экономиканы, әлеуметтік-мәдени мұқтаждарды, қорғаныс пен мемлекеттік басқарудың мұқтаждарын қаржыландыруға арналған елдің орталықтандырылған қорын жасаумен және пайдаланумен байланысты ұлттық табысты бөлу және қайта бөлу туралы мемлекеттің заңи және жеке тұлғалармен пайда болатын ақша қатынастарымен көрінетін экономикалық категория. Мемлекеттік бюджет *орталық* (Қазақстанда - *ресубликальдық*) және *жергілікті бюджеттерді* (облыстардың, қалалардың, аудандардың бюджеттерін) кіріктіреді.

Мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар - қорлардың ұйымдық дербестігі негізінде көшенді пайдаланылатын бірқатар қоғамдық қажеттіліктерді

қаржыландыру үшін тартылатын қаржы ресурстарын қайта бөлу мен пайдаланудың айырмашылығы нысан.

Қалыптасу кездері: жабу мақсатына бағытталғандықтан, мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз ететіндіктен, ол бойынша есеп айырысу бюджет қаражаттары есебінен болатындықтан — бұл буын қаржы жүйесіне де, сондай-ақ кредит жүйесіне де жатады деп есептеуге болады.

Қаржы қатынастары сфераларының әрқайсысының ішінде буындар бөлінеді, оның үстіне қаржы қатынастарын топтастырып, мақсатты ақша қорларының құрамы мен арналымына белгілі бір әсер ететін субъект қызметінің аймағына қарай жүргізіледі. Бұл белгі кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы сферасында мынадай буындары бөлуге мүмкіндік береді: коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы; коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы.

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншаларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, *салалық бағамына* қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысының құрамына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.б. кәсіпорындарының қаржылары, ал *мемлекеттік бағамына* қарай — мемлекеттік, кооперативтік, акционерлік, жеке және басқа кәсіпорындардың қаржылары болып мүшеленеді. Мемлекет қаржысының құрамында буындар ішіндегі қаржы қатынастарын топтастыру, мемлекеттік басқарудың деңгейіне (республикалық, жергілікті) сәйкес жүзеге асырылады. Сақтық қатынастары сферасында буындардың әрқайсысы сақтандырудың түрлеріне (жалпы сақтандыру, өмірді сақтандыру) бөлінеді.

Мемлекеттердің көпшілігінде қаржы жүйесін құрудың қағидаты — *фискалды (қарымалы) федерализм* қағидаты.

Қаржы жүйесінің функционалдық құрылысы мынадай негізгі қағидаттарды қанағаттандыруы тиіс:

біріншіден, қаржы жүйесінің жеке алынған әрбір буыны ақша қатынастарының аса кең шеңберін қамти алады, бұл жалпы категория болып табылатын "қаржыға" ғана төн қасиет;

екіншіден, тұтастай алынған қаржы жүйесі әрбір нақты сәтте объективті экономикалық категория ретінде қаржының қағидаты мәндік сипаттамаларына және функционалдық арналымына дәл сәйкес келуі тиіс.

Қаржы жүйесін құрудың негізіне мына қағидаттар жойылған:

Қаржы жүйесін ұйымдастыруда централизм мен демократияның ұйғасы Мемлекеттік қаржы органдары тарапынан болатын орталықтандырылған басшылықпен бір мезгілде жергілікті қаржы органдарына және шаруашылық жүргізуші субъектілерге қан құқық пен дербестік берілген.

Бұл қағидат жергілікті қаржы органдарының тиісті жергілікті өкімшілікке және жоғарғы қаржы органдарына екі жақты бағынышты жүйесін алдын ала айқындайды.

Салалық қаржыларды Басқарудағы демократиялық негіз шаруашылық жүргізуші органдарға капиталды (негізгі және айналым капиталдарын) бөліп беруге, оларға әр түрлі мақсатты арналымының ақша қорларын жасауға және оларды пайдалануға құқық беруде көрінеді. Жоғары тұрған органдар өзінің құзыры шегінде салалық қорлар мен резервтерге орналастырылатын қаражаттардың бір бөлігін қайта бөлу туралы шешім қабылдайды, оларды мақсатты пайдаланудың тәртібін анықтайды.

Қорытынды

Сонымен қаржының экономикалық рөлі мен маңығы мына бағыттардан көрінеді:

Қаржы капиталдың айналымын тездеті отырып, кәсіпорындардың, фирмалардың өндірістік қызметі тиімділігінің өсуіне жағдай жасайды;

кірістер мен шығыстарды ұдайы салыстырып отыру арқылы қаржы кәсіпорындардың, фирмалардың коммерциялық есебін нығайтып, дамытады; қаржы ақша қорларын бөлу және қайта бөлу арқылы экономикалық өсудің ара салмағын қамтамасыз етеді;

қаржы ұлттық табыстарға қорлану және тұтыну қорларының үйлесу тиімділігін арттырудың экономикалық негізін жасайды;

қаржы ұлттық экономикада меншіктің сан алуан нысандарының және шаруашылық жүргізу нысандарының дамуына мүмкіндік туғызады.

Сонымен бірге қаржы оңтайлы ұлттық шаруашылықтың ара салмағын қамтамасыз етуде белсенді рөл атқарады: олардың көмегімен экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативтік жоспарының басты элементтерінің өзара теңдестірілуіне қол жетеді; қаржы тұтқаларын жоспарлы пайдалану қоғамдық ұдайы өндіріске қаржының ынталандырғыш рөлін күшейтуге арналған негізгі қаржылық көрсеткіштерді мемлекетке орталықтандыра отырып анықтауға жағдай жасайды.

Қаржы көмегімен жететін нәтижелерді бағалауға жалпы тәсілдеме қаржының рөлін 3 бағытта атқаруға мүмкіндік жасайды:

1) ұлғаймалы ұдайы өндірістің қажеттіліктерін қажетті қаржы көздерімен қамтамасыз ету тұрғысынан;

2) қаржыны қоғамдық өндірістің күнделік құрылысын реттеу үшін пайдалану тұрғысынан;

3) қаржының әлеуметтік - экономикалық дамудың ынталандырмасы ретінде пайдалану тұрғысынан.

Қаржы ресурстарының өсуіне сонымен қатар жалпы алғанда қоғамдық өндірістің, сондай-ақ өнеркәсіп өндірісінің материалдық-заттай қрамды дәсер етеді. Қаржының материалдық мазмұны өзінің көрінісін қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалануда табады, бұл ресурстар бюджет, мемлекеттік және мемлекеттік емес әлеуметтік сақтандыру және қамсыздандыру, амортизация, айналым қаражаттары, тұтыну, резерв және басқа көптеген ақша қорларын кіріктіреді.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: Қазақстан, 2000.
2. Әмірханов Р.Ә., Тургұлова А.Қ. Қаржы менеджменті. Оқу құралы. — Алматы: 1999.
4. Бабич А.М., Павлов Л.Н. Финансы. Учебник. - М.: 2001.
5. Балабанов А.И., Балабанов И.Т. Финансы. Учебное пособие. - Петербург: 2000.
6. Берлин С.И. Теория финансов. Учебное пособие. — М.: Приор, 2000.
7. Елубаева Ж.М., Бюджетная система Республики Казахстан: теория, практика и направления развития. — Алматы: 2004
8. Залц Н.Е., Фисенко Ы.К., Бондарь Т.Е. и др. Теория финансов. Учебное пособие. - Мн.: Высш. шк., 1998.
9. Зейнелъабдин А.Б. Финансовая система: экономическое содержание и механизм использования. — Алматы. Қаржы-қаражат. 1995.
10. Құлпыбаев С. және басқалары. Қаржы теориясы. Оқу құралы. — Алматы: Мерей, 2001.
11. Мельников В.Д., Ли В.Д. Общий курс финансов. Учебник. — Алматы: Институт развития Казахстана, 2001.
12. Радостовец В.К., Радостовец В.В., Шмидт О.И. Бухгалтерский учет на предприятиях. — Алматы: Центраудит - Казахстан, 2002.
13. Ілкісов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Оқулық. - Алматы: 2003.